

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен экономикалық факультеттің 20-жылдығына орай ұйымдастырылған
«Каржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелер»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
7 сәуір 2016ж.

СБОРНИК ТРУДОВ
международной научно-практической конференции
«Современные экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма»,
посвященной 20-летию Евразийского национального университета имени
Л.Н. Гумилева и экономического факультета
7 апреля 2016г.

PROCEEDINGS
of the international scientific-practical conference
**“Modern economic problems in the field of finance, accounting,
management and tourism”**
dedicated to the 20-th anniversary of the L.N. Gumilyov Eurasian National
University and the Economic Faculty
7 April, 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 336: 338.48 (063)

ББК 65.261

Қ 41

Редакционная коллегия:

Декан экономического факультета, д.э.н., профессор Макыш С.Б.,

Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.

Профессор кафедры «Туризм», д.э.н. Сыздықбаева Б.У.

Заведующий кафедрой «Туризм», к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.

Заведующий кафедрой «Менеджмент», д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.

Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ», к.э.н., доцент Алибекова Б.А.

Заведующий кафедрой «Финансы», д.э.н., профессор Садвокасова К.Ж.

Заведующий кафедрой «Экономика», к.э.н., асс. профессор Рахметулина Ж.Б.

Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование», к.э.н., доцент Бабланов Т.К.

Қ41 Қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелер: Халық. ғыл.-тәжіриб. конф. еңбектер жинағы – **Современные экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма:** Сб. материалов межд. науч.-практ. конф. – Proceedings of the international scientific-practical conference “**Modern economic problems in the field of finance, accounting, management and tourism**”. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016 – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016 – Astana, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978 – 601 -301 – 677 - 1

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның еңбек жинағында қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции рассмотрены экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма.

Economic issues in the fields of finance, accounting, management and tourism are covered in the international scientific-practical conference collection of materials.

УДК 336: 338.48 (063)

ББК 65.261

ISBN 978 – 601 -301 – 677 – 1

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016

© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016

© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016

жойылып кету қаупі бар өнімдер қосылатын тағамдарды алып тастау керек. Ол үшін жабдықтаушылармен келісіп, жағдайды біліп алу керек.

•**Баға.** Өнімнің өзіндік құны жоғары деңгейде болуын қадағалаңыз. Ол тек қана – ет, картоп сынды негізгі түрлермен қатар, сонымен қатар, көк шөп, күнбағыс майы қосымша шығындарды да ескеру керек.

•**Жабылу.** Мейрамхананың табысы шығынын жабуы төмендеген кезде, жұмысты жалғастырудың ешқандай мәні жоқ, оны жапқан дұрысырақ болады. Себебі мейрамхананы табыстың төмендеуінен жапқан, банкрот болып жапқаннан әлдеқайда жақсы. Ауыр кезенде демала тұрып, дағдарыс өтіп кеткен соң мейрамхана есігін қайта ашуыңызға ешкім де кедергі бола алмайтындығы да ескеру керек. Дегенмен бұлай уақытша «отыру» үшін қосымша қаражат керек.

Сонымен, Қазақстаниң мейрамхана нарығы теңгенің құнсыздану мен доллар бағамының жоғарылауы әсерінен шикізат өнімдерінің қымбаттап, тұтынушылардың төлемқабілетлігінің төмендеуі есебінен орта есеппен 40% табысынан қағылып отыр. Дағдарыс кез келген бизнесті өз тұжырымдамалары мен стратегияларын қайта қарастыруға мәжбүрлейді. Қымбат тағамдарлы арзанырақ тағамдармен ауыстыру, штаттағы кадрлардың санын қысқарту, сырттан келген тағамдарды отандық өнімдермен алмастыру, мәзірді қайта қарастыру, тұтынушыларды тарту мақсатында әр түрлі науқандар үйымдастыру және т.б. жолдар қарастырылады. Нәтижесінде нарықта өршіп тұрған бәселестік күрес күрделене түсіп, тек мықты және оңтайлы шешім таба білген мейрамханалардың табыс тауып, әрі қарай жұмыс жасауына септігін тигізеді.

Әдебиеттер

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2015 жылғы 30 қараша [Электронды ресурс]. - Кіру тәртібі: <http://www.akorda.kz/kz/addresses/memleket-basshysy-nnazarbaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2015-zhylgy-30-karasha>

2 Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің ресми сайты [Электронды ресурс]. - Кіру тәртібі: <http://stat.gov.kz>

3 Дағдарыс мейрамхана бизнесін шығынға батырып отыр [Электронды ресурс]. - Кіру тәртібі: <http://kivvi.kz/watch/fxfkch05c3dv/>

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКСКУРСИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТИҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖӘНЕ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

Амрина М.С.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана қ., Қазақстан Республикасы
e-mail: as.maral@yandex.kz

Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің саяси бағыты» атты

Қазақстан Халқына Жолдауында, Қазақстанның 2020 жылға дейінгі дамуында жаңа межелер көрсетілген. Ал туризм ел экономикасының басымды бағыттарының бірі ретінде туризмді дамыту қажет. Туризм қазіргі таңда әлемдік экономикада маңызды салалардың бірі болып отыр. Дүниежүзілік Туристік Ұйымның мағлұматы бойынша туризм әлемнің Жалпы Ұлттық Өнімнің оныншы бөлігін, халықаралық инвестицияның 11 астам пайызын құрайды [1].

Қазіргі кезде әлемде болып жатқан экономикалық дағдарыс мұнай бағасының төмендеуі Қазақстанның валютасы теңгениң құнсыздануына алып келді. Бұның басты себебі елімізде ЖІӨ шикізаттық саланың есебінен түсім алып келуінде, яғни тек қана мұнай, газ және т.б. бағалы кен орындарындарында өндірілген шикізаттар өңделмей тікелей экспорталуынан болып отыр. Сондықтанда қазіргі кезде шикізаттық емес саланы- қызмет көрсету саласын дамытудың өзектілігі артуда. Осы жерде тек қана шетелдіктер үшін ғана емес, өз еліміздің тұрғындарына қызмет көрсетіп пайда табуға болатын қызметтің түрі – экскурсиялық қызмет.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 маусымдағы №211 «Туристік қызмет туралы» заңында экскурсия терминіне келесідей анықтама берілген: «Экскурсия – жеке тұлғаның уақытша болатын елдегі (жердегі) туристік ресурстарды танымдық мақсатта жиырма төрт сағаттан аспайтын уақытқа барып, көруі»

Экскурсиялық туризм- туристердің белгілі бір жердегі табиғи ерекшеліктермен танысуын қамтамасыз ететін жұмыстар болып табылады.

Экскурсияның жеке қызмет ретінде қалыптасуына келер болсақ, экскурсиялық іс - халық арасында мәдени-агарту жұмысының маңызды белгісі. Оның тарихы жалпы 100 жылдан асқанымен ең дамыған кезі өткен ғасырдың 70-80 жылдары. Алғашқы экскурсияға себепші болған өткен ғасырлардың қоғамдық өмірі: ол кезде жиі діни, әулие жерлерге қажылыш жасаумен байланысты болды. «Экскурсия» сөзі латын тілінен пайда болған. Орыс тілінен XIX^к енгізген. Басында бұл сөз «әскери шапшаңдық», кейіннен «серуенге шығу», «жорық» деп белгіленген.

Экскурсиялық істің қалыптасуы, дамуы мен өрлеуі музейлердің тарихымен тікелей астасып жатты. Бұл бірінші кезекте бірката қалаларда музейлердің ашылуынан да байқалады, Қазақстан аумағында тұнғыш рет музейдің ашылуын 1831 жылды Неплюев әскери училищесінде Орынбор өлкесінің музейі ашылған еді. Сондықтан экскурсияға шығу алғашында мектептерде кең қанат жайды. Тарихи орындарға бару, табиғат аясына шығу, коршаған ортаны тану секілді іс-шаралардың маңызы зор екендігін озық ойлы мұғалімдер нақты білгендіктен, көпшілігі оқудың осындай белсенді түрін таңдап алып жатты. Оқушылар мен гимназистер музейлерге, тарихи орындарға және сәулет өнері ескерткіштеріне баруының нәтижесінде оқудан тыс экскурсиялар да пайда бола бастады. Нәтижесінде әрбір облыста тарихи-өлкетану музейлері ашылды. Олардан басқа аудан орталықтарында, шағын қалаларда, кейбір университеттер мен ғылыми орталықтарда (Ғылым Академиясы, т.б.), ірі мектептерде сан аluan тақырыптағы музейлер жұмыс істеп, келушілерді қабылдады [2].

Тәуелсіздік алғаннан кейін елімзідің тарихы мен мәдениетінің жандануына, мәдени-тариҳи мұраларымызды зерттең, оның халықта, келген қонақтарға көрсету таныстыру ісі алға қойылды. Туризм саласындағы орналастыру, тамақтандыру, тасымал қызметін сынды экскурсиялық қызмет негізгі болмаса да, ол тек туристерге ғана емес, сонымен қатар жергілікті тұрғындарға, өзінің туған жерінің көрікті жерлері мен ерекше нысандарын таныстаратын, сол арқылы табыс алып келетін қызмет түрі. Тәуелсіздік алғанымызға жиырма бес жыл болып қалса да, Қазақстандағы экскурсиялық істің, одан түсетін табыс көлемі көңіл көншітпейді. Төмендегі кестеден елімізге келетін және шығатын туристердің санын көретін болсақ.

Кестеден көріп отырғанымыздай, 2010 жылы Қазақстанға келген резидент еместер саны 4 097 387-нан 2014 жылға қарай 6 332 731-ге, яғни 36%-ға артқан. Ал 2010-2014 жылдар аралығында елімізден шықкан резиденттер саны 43%-ға өсіп отыр [3].

Бірақ осы келушілерді барлығы экскурсия жасады дей алмаймыз. Экскурсиялық қызметпен жеке туристік фирмалар, қонаүйдегі қосымша қызметкерлер, мұражай және әр түрлі мәдени-тариҳи мекемелер мен объектілердің қызметкерлері, ойын-сауық орындарында арнайы персонал қызмет көрсететіндіктен, еліміз бойын жылына қанша экскурсия жасалатындығы туралы нақты ақпарат жоқ.

Кесте 1. ҚР 2010-2014 жылдар аралығында келген және елімізден шықкан туристер саны

	2010	2011	2012	2013	2014
Қазақстанға келген резидент еместер саны	4 097 387	5 685 132	6 163 204	6 841 085	6 332 731
Қазақстаннан шықкан резиденттер саны	6 019 171	8 020 400	9 065 579	10 143 710	10 449 972

Осыған байланысты саланы дамыту, мәдени ортаны қалыптастыру жөніндегі басты стратегиялық бағыттарды көрсететін және алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу жөніндегі іс-шаралар кешенін қамтитын неғұрлым басымдық берілген міндеттерді шешуге бағытталған бірқатар өзара байланысты шараларды қабылдау аса өзекті мәселе болып табылады.

Қазіргі кезде еліміздегі экскурсия саласындағы басты мәселелер:

- елімізге демалу үшін келетін туристердің саны, шығу туризміне қарағанда аздығы;

- Қазақстанға, еліміздегі жеке өнірлер мен қалалардағы экскурсиялық объектілер туралы жарнаманың болмауы;

- экскурсияның жүргізетін мамандардың кәсіби біліктілігінің жетіспеуі;
- елімізде болып жатқан оқиғалар мен мәдени шараптарды өткізуде туристік кәсіпорындар, мемлекеттік мекемелер арасындағы байланыстың әлсіздігі.

Осы мәселелерді шешу үшін қазіргі таңда ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің туристік индустрия комитеті, жергілікті әкімшіліктің туризм басқармалары, туризм мамандарын даярлайтын оку орындарының оқытушылары, туристік фирмалар мен туристік үйымдар тығыз байланыс орната отырып, осы мәселердә шешу жолдарын қарастыру мақсатында бірнеше шараптар үйымдастырып жатыр. 2017 жылы Астана қаласында өтетін Астана ЭКСПО «Болашақтың Энергиясы» көрмесі елімізге 3 млн-нан астам турист келеді деп күтіліп отыр. Бұл осы экскурсиялық қызметті дамытудың керемет мүмкіндігі. Сондықтан қазірден бастап, арнайы тек қана Астана қаласында емес, оған алыс-шақын аудандарға, еліміздің басқа қалаларына туристік экскурсиялар үйымдастырып, қызықтырып, болашақта да туристерді тартатындей мүмкіндік жасаған жөн. Тек қана шет тілін менгеріп қана қоймай, қонақтармен жұмыс жасау, оларды тарту, баурап алуға қарым-қабілеті жететін жастарды мен кәсіби мамандар даярлау қажет.

Сонымен, экскурсиялық қызмет маңызды әлеуметтік міндеттерді орындауды, олардың арасындағы ең бастысы: отандық экскурсиялық кешен мен табиғи-рекреациялық ресурстарды тиімді қолдану негізінде халықтың дүниетанымын, ой-өрісін нығайту; басқа әлемнің елдері арасында мәдени құндылықтар туралы білім және тәжірибемен алмасу; экскурсия, жалпы туризм саласын дамыту мен халықты жұмыспен қамтамасыз ету, еңбек ресурстарын қалпына келтіру. Экскурсиялық қызмет туризмдегі негізгі қызмет түрі болмаса да, табыс пен пайда алғып келудің, жағымды имидж қалыптастырудың бірден бір жолы.

Әдебиеттер

1 ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» Жолдауы [Электрондық ресурс]. - Кіру тәртібі: http://akorda.kz/ru/page/page_218338_poslanie-glavy-gosudarstva-narodu-kazakhstan

2 Экскурсия [Электрондық ресурс]. - Кіру тәртібі: <https://kk.wikipedia.org/wiki>

3 Қазақстан Республикасының Статистика комитетінің ресми сайты [Электрондық ресурс]. - Кіру тәртібі: <http://www.stat.gov.kz>